

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

<https://doi.org/10.32014/2020.2224-5294.131>

Volume 4, Number 332 (2020), 296 – 306

MPHTI 17.82.32

УДК 82.02:82-3(574)

Э.Т. Жанысбекова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

E-mail: ezhanysbekova010@gmail.com

ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАГЫ ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ІНЖІЛДІК БЕЙНЕЛЕР МЕН МАҚАМДАР

Аннотация. Мақала қазіргі қазақстандық прозадағы ежелгі және інжілдік бейнелер мен мақамдарды талдауға арналған. Жұмыста орыс және қазақ тілдерінде жазатын қазақ авторларының шығармаларын салыстырмалы талдау негізінде мифологиялық бейнелер мен мақамдар айқын көрсетілген. Олардың еңбектерінде сопылықпен қатар, түркі, ежелгі және інжілдік бейнелер мен мақамдар орын алған.

Мәселені зерттеудің өзектілігі қазіргі әлем әдебиетінің пәнаралық проблемалық өрісіне жаңа ойлау тәсілі ретінде енгізілген, оның мәні мәдени өмірдің негізгі бағытын қайта құруға көмектесетіндігінде жатыр. Автор XX ғасырда әлем адам санасының мифологиялық қабаттарын жандандырды деп айта отырып, қазіргі неомифологиялық сананың мәні, ең алдымен, мифологияның жаппай сана элементтерінің бірі ретінде кез-келген қоғамда және кез-келген қоғамда табылады деп есептейді. Қоғамдық дамудың әртүрлі деңгейлерінде және өнер мен әдебиеттегі «неомиф» (қазіргі миф) туралы жалпылама сипаттама береді.

Архаикалық синдромға тән оралуды (архаикалық көріністер кешені, мәдени және этно-стереотиптер) қазіргі қазақстандық әдеби проңесте байқауға болады. КСРО ыдырағаннан бастап, қазақстандық мәдениетте және әдебиетте өзін-өзі танудың белсенді проңесі жүрді, яғни халықтың пайда болуы жайлы мифтердің, сюжеттердің нақтыланып, нәтижесінде этнос үшін маңызды архетиптік және тотемдік кейіпкерлер пайда бола бастады және қазақтардың шығу тегі туралы мифологиялық интерпретацияға негізделген бірқатар прототиптер мен мақамдар пайда болды.

Неомифологиялық сана ХХІ ғасырда өмірдің барлық қырларын, оның ішінде өмірдің шығармашылық түрленуінің көркемдік, сондай-ақ әлеуметтік пәрменділігін қамтыды. Неомифологиялық шығармаларда автор мифтің бір бөлігінің немесе бірнеше архетиптік образдың көмегімен өзінің авторлық идеясын түсіндіреді. Бұған жаңа толқынға жататын қазақстандық авторлардың шығармалары дәлел. Олардың шығармаларында сопылық, түркілікпен қатар, антикалық және інжілдік образдар мен сарындар көрініс тапқан. Оған кентаврлардың антикалық образдарынан және басқа да мифологиялық образдардан бастау алатын, өмірдің қазіргі заманғы болмысына ендірілген А. Алтай, Л. Қоныс, А. Ким, Б. Жылқыбаев сынды қазақстандық прозаиктардың әңгімелері мысал бола алады. Психологиялық тұрғыдан алғанда терең бұл шығармалар әдеби, жаңаша түрде жеткізілген мифке құрылған.

Түйін сөздер: миф, архетип, бейне, неомиф-жаңа миф, мифологиялық дискурс, инициация, нышан.

Кіріспе. Қазіргі қазақстандық қаламгерлер ежелгі мифтің мифологиялық құрылымын өз шығармасының өзегіне енгізіп, ежелгі мифке бет бұруда. Басқа сөзбен айтар болсақ, бүгінгі шығармалар авторлары классикалық мифтің қаңқасын сақтай отырып оның негізінде жаңа миф, яғни неомифті жарыққа шығарады. Е. Мелетинскийдің айтуынша «... авторлар рәміз, нышан және мифті өнердің мәңгілік үлгісі ретінде емес, керісінше адамзат ойының, поэтикалық бейнеліліктің алғашқы зертханасы деп түсінеді. Белгілі сюжет немесе бүтін бір жанрлардың жекелеген нышандарын архетип деп ұғыну жаңсақтық, архетип – түрлі сюжеттер мен жанрларға айнала алатын және өзіндік сапасымен екішеленетін нышандық-мифологиялық дүниетанымдық типтерден құрылады» [1, 127].

Әдеби мифологизмде әдеби және мифологиялық кейіпкерлердің өзіндік өзараалмасымдылық құбылысына сәйкес әрқилы «бүркемемен» қайта оралатын бастапқы мифологиялық түптұлғаның айналсоқпа, яғни кезең-кезеңмен мәңгі қайталану идеясына айрықша мән беріледі

Жазушылар өздері сомдаған бейнелеріне қажетті қасиетті бере отырып оны мифологиялық түп-тұлғалармен «жымдастырады». Осы орайда, К.Г. Юнгтің «Мәңгілік бейнелерге ұқсауға талпыныс қалыпты көрініс, бұлар талпыныс, ұмтылыс үшін жаратылған. Олардың еліктіру, иландыру, таңдандыру, толғантуы тиіс. Олар жаңа ашылымдардан құрылған және құдайлардың бастапқы тәжірибесін елестетеді. Олар адамның құдайшылықты түсінуіне жол ашады және сонымен қатар оны тікелей құдаймен жанасудан сақтандырады. Адамзат рухының мындаған жылдар бойғы талпыныс, жігерінің нәтижесінде бұл бейнелер әлемді ретке келтіріуші ойдың жалпылама жүйесіне айналды» деген пікірі өзекті [2, 45].

Дегенмен де, мифологиялық түп-тұлғалардың бастапқы кейпінде ұшырасуы некен-саяқ, әдетте кейіпкерлер қандай-да бір ежелгі тұлғаның кескін-келбет, кейбір өзіндік қасиеттерімен бүркмеленеді. Әдетте бүркеме немесе өнін айналдырған кейіпкерлер қатарына архетиптік және тотемдік бейнелер алынады.

Мәселенің қойылуы жөнінде. Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгенінен (1990-жылдан) бергі кезеңдегі шынайылық әдебиет пен мәдениетте ұлттық түп-тамыр, мифология мен фольклорға ұлттық сәйкестіліктің бастауы және үлгісі ретінде көңіл бөлудің өзектілігін арттырды.

Қазақстандық неомифологиялық әдебиетте мифологиялық генетизм – (тотемдік сана, зооморфтық және хтоникалақ мифология – адамның табиғатқа тәуелділігі, архетиптерге сүйене және салт-жоралғылық ойлау) ден қоярлық мәселенің біріне айналды [1; 2], өйткені ғаламдық саяси және идеологиялық трансформация – өзгерістер кезеңінде мәдени тектің барынша архаикалық формаларына жүгінуге ұмтылыс артатыны белгілі.

Қазіргі қазақстандық әдеби үдерістен архаикалық синдромға (архаикалық түсінік, мәдени және этно-стереотиптер топтамасы) оралу үрдісін байқауға болады. КСРО ыдыраған сәттен бастап қазақстандық мәдениет пен әдебиетте бастапқы түзілім турлы мифтің, этностың жаңа деңгейге өту сюжетінің өзектілігін арттыратын және сәйкесінше этнос үшін маңызды болып табылатын халықтың түп-тегін мифологиялық интерпретациялауға саятын архетиптік, тотемдік кейіпкерлер, түпкі бейнелер мен мақамдардың тұтас бір легін туындатқан халықтың өзін-өзі тану, бірегейлену үрдісі қарқынды үдеріс алуда.

XXI ғасырда неомифологиялық – жаңа мифологиялық сана өмірдің көркемдік сынды барлық қырларын тінті өмірді шығармашылықпен қайта түрлендірудің әлеуметтік әсерлілігін нәрлендіреді.

Қазақ жазушылары жаңа буын өкілдерінің шығармаларынан байқағанымыздай, жаңа мифологиялық туындыларында автор мифтің бір үзгіі немесе бірнеше архетиптік бейнелер арқылы оқырманға өз ойын жеткізуді көздейді. Осы буындағы бүгінде оқырманға танылып үлгерген жазушылардың бірі – Лира Қоныс халықаралық «Шабыт» фестивалінің екі мәрте жеңімпазы атанды. Қоныстың қазақ тілінде жазылған «Алма ағашының құдайы» (Богиня яблони) және «Су перісінің зираты» (Могила русалки) әңгімелерінде қазақстандық шындықпен қиюластырылған ежелгі мифтің үзкітері ұшырасады.

Зерттеу әдісі. Салыстырмалы-салғастырмалы талдау арқылы мифологиялық элементтерді қайта жаңғыртудың жалпылама және айрықша қыр-сыры анықталады. Тарихи-типтік әдіске сүйенін мифтің зерделенін отырған қазіргі мәтіндердегі ауысу, өзгертілу заңдылықтары зерттеледі. Архетип, мифологем, мифем және мифологиялық мақамдарды жалпылама талдау әрі бұларды қазіргі қазақстандық авторлар түсінігінің бірыңғай жүйесіне келтіру үшін мифологизмді сыныптаудың генетикалық – тектік әдісімен қоса бейнелі ассоциативті құрылымдық әдіс, сонымен қатар әдебиеттанудағы психоаналитикалық әдістерге негізделген мозаикалық әдіснама қолданылады.

Талдау нәтижелері. Мысалы, «Алма ағашының құдайы» әңгімесі мәтін желісіне алма туралы ежелгі миф қиюластырылған. Мифологиялық сөздікке сай «Яблоко раздора – астарлы сөзбен айтқанда – дау, ұрыс-керіс туындататын ілік». Бұл астарлы сөз талас-тартыс құдайы Эрида жайлы мифпен байланысты. Пелей мен Фетиданың некелесу салтанатына шақырылмағанына ренжіген Эрида «өте сұлу» дегендей, сөз тіркесі жазылған алтын алманы қонақтар ортасына лақтырады. Әрқайсысы өзін асқан сұлу, алтын алмаға лайықты санаған Гера, Афина және Афродита құдайлар ортасында дау өршиді. Құдайлар Троя ханзадасы Паристің төрелігіне жүгінеді, алайда Парис алтын алманы өзіне жер бетіндегі ең сұлу әйелдің махаббатын сыйламақшы болған Афродитаға береді. Афродита Паристің Спарта патшасы Меналайдың жұбайы Елена сұлуды ұрлап әкетуіне көмектеседі. Бұл ұрлық Троя соғысына сылтау болды» [3, 289]. Автор салыстырма келтіреді. «Ең алғашқы соғыс алманың араласуынан туындады. Екі құдай-ханшайымның ортасына бір зәлім

қызық алманы домалатып жіберді де, алманы жегені әлемдегі ең сұлу әйелге айналады деді, көне грек аңыздары осылай айтады» [4, 17].

Л. Қоныс әңгімені қала мен ауылдағы тіршіліктің қарама-қарсылығы, өзіндікі және өзгенікі дегеннен бастайды, мұнда жат-бөтен қашанда өшпенділікті сездіреді: «...шулы мекенге бауыр баса алмадым, бөтенсігенімді, бөлектенгенімді доғара алмадым, мұндағы түп-түзу, теп-тегіс көшемен зымыраған көліктерді жаратпадым, біздің ауылдың қисық, шұқырлы, топырағы бұрқылдаған көшесіндегі әккі есекке жегілген ағаш арба бұдан әлдеқайда жайлы еді, оның қос дөңгелегінен шыққан дауыс та керемет... биіктігі көз шағылыстырар Алатаудың шыңы болмаса да, қыратымен қатарласуға ұмтылған үйлерді де ұнатпадым, біздің ауылдың төбесі қамыспен жабылып, сам кесектен өрген, ішін адамдар, ал еденінің астын тышқан мекен етер тоқал тамдары хан сарайына бергісіз көрінеді» [4, 15].

Осы үзіндіден әңгімеде Іле Алатауының етегіндегі Алматы, яғни алманың отаны Алматы қаласы аталғанын білеміз. «Әлем дарағының өзіндік бір үлгісі болып саналатын киелі тауларды ежелгі адам ғаламның бейнесі ретінде қабылдады» [5, 28].

Іле Алатауының экологиялық жүйесі керемет, мұндағы мәңгі жасыл жапырақты, қылқан жапырақты орман қала тынысы дерлік. Алайда бұл жүйе біртіндеп бүлінуде. Бүгінде экология мәселесі адамзатты елеңдетін отырған жаһандық мәселенің бірі. Автор мәтінді мифтің эсхатологиялық моделіне сәйкестендіре отырып адамның қолымен жасалған, яғни адамның қоршаған орта – табиғатқа келтірген залалынан туындаған экологиялық мәселені көтереді. Қала теңдессіз, тіпті аңызға айналған жоғары сұрыпты алмасымен әйгілі, алайда қала халқы санының артуы алма бақтары көлемінің шектелуіне соқтырды. Әңгіме кейіпкері – жас бағбан Арман алма құдайы Алмагүлге ғашық. Арман анасымен бірге Іле Алатауының бөктерін мекендеп атасынан қалған бақтағы алма ағаштарын күтіп баптайды. Ойдан шығарылған кейіпкер Алмагүл – алма құдайы түнде алма баққа келін, адам қолымен кесілген мыңдаған алма ағашын жоқтап, қатары сиреген ағаштарды қорғауға тырысады. «Тау ішінде, жеті түнде әндетіп тұрған бұл кім деп елеңдедім. Терезеден ай сәулесі әдемілігін төгіп, жарығы маңайға салтанат құрып тұрған. Орнымнан тұрып, әйнектен үңілгенімде тыстан ақ көйлекті, қос бұрымы тірсегін соққан ару қызды көрдім. Бұл Алмагүл ғой деп күбірледім. Арман айтқандай асқан сұлу қыз екен, алма ағашының құдайы болуға бек лайықты дедім» [4, 29]. Автор әңгіме қорытындысында адамзатты Арманнан үлгі алуға, біздің ортақ мекен-жайымызды қорғауға шақырады, өйткені тек адам – біздің өзіміз еш ойланбастан қоршаған орта – табиғатқа зиян келтіретініміз, бүлдіретініміз белгілі. Осылайша, әңгімеде тіршіліктің жұмақ бағынан бастау алатыны жайлы мифологеманың шынайылығына көз жеткізгендей болады.

Қоныстың келесі әңгімесінде су перісіне ғашық болған жас жігіттің тағдыры жайлы баяндалады, мәтін желісіндегі басты мифологиялық кейіпкер – бітімі жағынан жартылай әйел, жартылай балық дерлік. Перінің аяғы дейін десең..., жоқ, балықтың құйрығы көрінеді. «... Тұла бойы жалт-жұлт еткен қабыршақты балық қой ол шіркін...» [4, 79]. Баяндалған оқиға отырықшы тұрмыс, жер шаруашылығы дамыған Сырдарияның жағасында өрбиді. В.Я. Пропптың пікірінше, су перісі өсімдік, топырақ құнарлылығы, ылғал, өзен-көл культімен, табиғаттың дүлей күші; табиғат апаты (су, «жасыл» өмір) сынды тосын құбылыспен байланысты [6, 89-90]. Түрлі мифологиялық жүйелерде кездесетін бейне – су перісі әрқалай, яғни сирен, метmaid және т. б. аталады. Алғашқы балық құйрықты әйел ай және балық аулау кәсібінің құдайы сириялық Атаргате. Этимологияға сай бұл бейне басы, кеудесі ер адамдікі болғанымен, аяқ тұсы балық құйрықты вавилондық Оанесс құдайдан бастау алады. Ал, Вавилон түбегейлі эсхатологиялық символ екендігі белгілі.

Бір кездері болашағынан зор үміт күттірген жігіт біртіндеп семе бастайды, өйткені оның сүйгені адам емес, олар қосыла алмайды. «Жиенімнің сүйгені су перизаты боп шықты, Сырдың суында су перісінің бар екені де рас боп шықты. Бейбақ жүрегін ұстап аласұрды, аһ ұрды. Шілденің қапырықты түнінде салқындамаққа суға түсіп, екеуі содан танысып-білісіпті. Перінің адамзатқа, адамзаттың періге сезімі ояныпты» [4, 79].

Жүйке дертіне шалдыққан жандарды емдейтін ауруханада өлген жігіттің ағасының баяндауынша: «Күз түсе дерті белең алды, ақыры суға кетін өлер деген қауіппен /.../ жүйке ауруларын емдейтін ауруханаға байлап әкетті» [4, 80]. «Арманшыл жаны махаббаттың азабы мен ата-анасының қаталдығы қатар келгенде шыдамады-ау, алғашқы қар жауғанда сүйегін әкеліп жерледік» [4, 17].

Бұл әңгіме мифологиялық шынайылық өкілдерінің бірі А. Кимнің «Белка» романының аналогы немесе сол романмен үндес деуге болады. Отто Ранктың нұсқасы бойынша батырдың дүниеге келуі туралы миф әдетте анасының құрсағында жатқан ерекше, таңғажайып сәбиді сипаттаудан бастау алады. Кейіпкердің бұдан кейінгі бүкіл тағдыры оның дүние есігін ашу жолында өтем ретінде тосқауылдарды жойып бірқатар жетістіктерге қол жеткізуімен және ең бастысы анасымен қайта табысуы сынды әрекет, әсер төңірегінде өрбиді [7; 29]. Мифке жүгінсек, сәби шағында анасы бас тартып, артынша барлық құдайлардың анасы Гераның өзі оны бауырына алған Гераклдың тағдыры да осындай деуге болады. О. Ранктің пікірінше бұл жетістіктер (ерлік істер) бастапқы қалыпқа «ана құрсағына» қайта оралуға мүмкіндік береді.

1. А. Кимнің «Мен тұл жетіммін, әкем Кореядағы соғыс кезінде мерт болды, ал анам аштықтан орманда көз жұмды...» деген (ауд. Э.Ж.) сөздермен басталатын «Белка» романы дәл осы желілік үлгі бойынша құрылған [8, 3]. Бұл шын мәнінде, басты кейіпкердің түлеу немесе түрлену, өзге бір тұлғаға айналу желісі, инициация – түлеу-түрлену желісіне негізделген шығармасын автордың сиқырлы ертегі деуінің сыры да осында болса керек. Роман желісінде күйзеліс сезімі, жан толғанысы («Жан сарайында, жүрегінің түбінде у түйіршігі жатыр» (ауд. Э.Ж.) [8, 3]) асқан шеберлікпен сипатталған, ал күйзеліс Ю. Кристеваның пікірінше, ғайып болған махаббат нысанының әсері, бұл ретте, әрине жақынынан айырылған жанның күйзелісі [9]. А. Ким прозасында қорқыныш («үрей»), құлазу, тұрмыс таукіметі, дауасы жоқ сырқат күйзелісі (Кеша Акутиннің мықынындағы ісік – өзінің елестетуінше нәресте) барынша жиі ұшырасатын қасірет тізбегі [10, 176]. Жастайынан анасынан айырылған кейіпкер өмірден түңіліп, өзіне қол салмақ та болады, тіпті еш түйсіксіз айналасындағы әйелдердің бірін, әсіресе өзі сүйген әйелді ана санатында қабылдауға талпынады. Әдетте, күйзеліске ұшыраған адам махаббатты «анаға деген бастапқы сүйіспеншіліктің жемісі» деп саналады [9]. А. Кимнің кейіпкерлерінің өзге кейіпке айналу/қайта жаратылу жүйесі үш негізгі образ-бейне: анандан айырылу (романдағы барлық әйелдер бейнесі және Тиін – тотем бейнесінің өзгеге айналуы), әкенің жоқтығы (Құдай әкеге айналуы) және осы жетіспеушілікті әрқалай сезінетін жан-дүниесі зақымданған, жарықшақтан субтұлға – үшінші кейіпкер, яғни баяндаушыдан тұрады.

2) В. Пелевиннің «Чапаев и Пустота» романындағы Петька, Ф.Кафканың «Превращение» әңгімесінің және корей жазушысы О Су Еннің постмодернистік «Насекомое» әңгімесінің кейіпкерлері секілді әдетте, ауыр сырқатқа шалдыққан адам бірде сандырақтап, бірде өзіне-өзі келгендей – өлі мен тірінің аралығындағы күйде өзге бір түрге-кейіпке айналады. Сандырақтан арылғанда ол кәдуілгі адам қалпына келеді, міне бұл таңғажайып, мүмкін емес көріністің (алетикалық) мүмкін болуы неомифология–жаңа мифологиялық шығарманың басты қағидасы.

3) А. Кимнің шығармашылығы сын саласында мифологиялық реализм – шынайылық және табиғат жайлы идеалистік философиялық проза ретінде бағаланады (В. Бондаренко, С. Семенова [11], В. Грушевская [12], А. Попова [163]).

4) В.П. Рудневтің «Реальность как ошибка» атты монографиясы [13] реалист жазушылардың «арғы жақтағы» немесе «о дүниедегі» ақиқатты елемейтін біржақты авторлық ұстанымынан туындаған шынайы эстетиканың күйзелісті жағдайына арналған. «Белка» роман-ертегі авторының өзі жағдайды, шынайы кейіпкер «тек екі шамада өмір кешеді және онда сиқыр атаулы, ертегі мүлде жоқ, ондағы өмір мұңлы, тіпті асылсаң да бәрі бір» (ауд. Э.Ж.) дегендей, тұжырымдайды [8, 266].

5) А. Ким тұрмыс, қазіргі кезеңдегі күнделікті қалыпты тіршілік ағымына мифопоэтиканың элементтерін кірістіре отырып, еш қиюласпайтын миф пен шынайылықты қиюластыру арқылы ХХ ғасырдың неомифологиялық эстетикасы үшін өзекті болып отырған қарама-қарсылықты жоюға тырысады. В.Рудневтің көрсетуінше, «...көркем пікір мифологиялық пайымдаудан емес, тұрмыс-тіршілікті пайымдаудан шығады... Ол қалыпты тіршіліктегі тілге емес, мифологиялық көне тілге жүгінеді... Көркем дискурсты пайдаланушы да біраз уақытқа болса да сол кезеңге сәйкес мифологиялық тілге көшеді...» [13, 34].

Бұндай эстетикалық шешім А. Кимнің романына мифологиялық шытырман сияқты, қалайда бір кеңістіктік және уақыттық шек, мәңгіліктің символы – астарлы ана құрсағына, сызды жер анаға «біртұтас алып ана жаратылысына» жеткізетіндей мінез және сюжет тереңдігінің (полифония), желілік өрістің көпжақтылығы мен көпнұсқалықтың қажеттілігін мезгейді (ауд. Э.Ж.) [8, 268].

В. Рудневтің тұғырнаамасы бойынша, мифологиялық сана бұл архаикаға – ежелгі, сәбилік шаққа кері оралу [14].

6) Қалыпты мінез-құлық шамасынан тыс байқалатын түрлі психологиялық ауытқуға қызығушылық таныту феномені жайлы батыс елдері, сондай-ақ ресейлік психологтар мен әдебиеттанушылар да айтуда [193]. Осы орайда, шизофрения өткен ХХ ғасырда мәдени символдың біріне айналғандығын айтуға болады (қара: Ж. Делез и Ф. Гваттари «Капитализм и шизофрения», М. Фуко «История безумия в классическую эпоху», В. Руднев «Философия языка и семиотика безумия» және т. б.), ал бұл дерттің негізгі белгісі «жаппай өзге бір кейіпке айналу» [15], елес, кейіпкерлердің өзін мифте ұшырасатын ұлы тұлға, қандай-да бір жануар, эзәзіл, сайтан, т.б. айналғандай елестетуі. В.Рудневтің көрсетуінше, ХХ ғасырда К.Леви-Стростың мифологиялық мақамдарды жарықшактаудан туындаған «үзіктеу-қию-қиыстыру» – мифологиялық бриколаж туралы ілімінде қайта жаңғыртылған мифологиялық ой – полифониялық (шизотиптік) сананың көзі болып табылады [13, 54]. Жаңа постмодернистік өнердің шизотиптік (мозаикалық – нақышты) этимологиясын айқындаудың басты риторикалық тәсілі дискурстың бөлшектенуімен сипатталады және ол бірнеше (нарративті инстанция – сатыға, мәтіндік субтұлғаға) бөлікке бөлінеді, ал әр бөлікте оқиғаның өзіндік нұсқасы баяндалады.

7) Осындай неомифологиялық мозаикалық мінез-құлықтың бірден бір көрінісі Анатолий Кимнің романындағы күйзеліс, елес, екіжақтылықтан қасірет тартқан басты кейіпкер – аты өшкен тиін. Оған үнемі хайуандардың адамға қарсы бүкіл әлемді шарпигын қастандығы (әсер сандырағы және қудалану сандырағы) елестейді, осы елес салдарынан ол тінті өз есімін атаудан үрейленеді, өзге планеталық тұлға, жезтырнақ және т.б. тосын бейнелерді көреді, өзінің сыңарымен ұшырасады: «Мен өзімнен өзім, не болып жатыр деп мінгірлеймен. – Немесе бұл қалада мен есімнен тандым ба және елес басталғаны ма?.. » – «Олай емес, – деп сыңарым (тура менің дауысыммен!) жауап қатады. – Физиканың өзіне белгілі заңдылықтарына сай, сен мені көрмейсің. Өйткені, мен, сен көптеген жылдардан кейін кім боласың, міне соның өзімін» (ауд. Э.Ж.) [8, 6].

8) Мәдениет өзінің мәні бойынша еліктеушілікке жақын, бұл ойдан шығарылған қиял, тінті шынайылыққа сәйкес емес, ал ертегі ғажайып құбылыс, құбыжық, ізгіліктің зұлымдықты жеңуі сияқты таңғаларлық оқиғасымен психотипті [16]. А. Ким роман-ертегісінің басты кейіпкерлерінің бәрі дерлік өзін есінен танғандай сезінуі кездейсоқтық емес. Мысалы, басты кейіпкер, ... *ий*⁴ вербалдық елеске шалдыққан ол кезінде бірге оқыған, өмірден озған студент-достарының, шын мәнінде, менталдық-ділдік егіздерінің (қара: близнечный миф (В.В. Иванов, В.Н. Топоров, 2000) [17] дауысын естиді, өйткені олар – тікелей өзінің психикасының, өз субтұлғасының қырлары: «Тііннің ырқымен ояңған әрбіріміз өз бейне, өз дауысымызды алған біздер аз емес едік, – ол бізді ғайыптан тура сиқыршы сияқты шақырды ... » (ауд. Э.Ж.) [8, 265]. «Бірақ, тәуірі, шексіз уақыттың бізге көрінбейтін қатпарларынан, құпия бұрыштарынан шыққан жүздеген жұмбақ дауыстарды тыңданыңдаршы» [8, 17]. «Қымбаттым, сіз менің көлеңкемнің дауысын естисіз бе? Мен – өзім жақсы естимін. Олар, әлбетте, менің түпкі жан сарайымда, менің жалғыздығымның түбінде...» (ауд. Э.Ж.) [8, 22].

9) В.Рудневтің айтуынша «Тұлғаның елес сәтінде естіген сөзі бұл адамның дағдылы тілдегі сөзі емес, бұл арғы жақтың, «негізгі» немесе «түбегейлі» тілі, <...> басқа әлеммен байланысатын тіл. Бұл тілде әлде семантика, әлде синтаксис, әлде прагматика немесе осының бәрі бұрмаланады. Бұл мінез-құлықтың шынайы күйін сипаттайтын тіл» [14, 260]. А. Кимнің мәтін желісінен түрлі кезең-уақыт және түрлі кеңістікте, тіпті өлілер әлемінде полилог құрып отырған екі-үш кейіпкердің сөзі бір жол немесе бір сөйлемде қиыстырылатыны жиі байқалады.

А.Кимнің романындағы басты кейіпкердің зақымданған мінез-құлқына ықпал етуші күш, оның психотипінің өзегі жоғалған нысанмен, яғни анасымен барабар нышанды тотемді бейне доминантты күйзеліске шалдыққан субтұлға, кейіпкер-тиін (...ий). Оны орманда өліні жатқан анасының және оның жанында секіріп жүрген тиіннің қасынан сәби шағында тапқан, бұл бейнеге ол романда күйзеліс дискурсын туындатқан жоғалған, нысан – өз анасының бейнесін (тотем образын) қиыстырады [18].

⁴ *ий*, бәлкім автордың өз атының – Анатолий өшкен нұсқасы болса керек.

2. Мінез-құлықтың зақымдануына балалық шақтағы күйзеліс, психологиялық соққы әсер ететіні белгілі. Соғыс жылдарындағы қиындық, жетімдік кейіпкердің жанын жаралады. Жоқшылық, жетімдіктен мүлде хабары жоқ өзіндік ділдік сыңарын сомдау арқылы ол жан жарасынан арылады.

3. Осы сынды кейіпкерлердің бірі Кеша Лупетин есінен танған анасына күтім көрсете жүрін, көп ұзамай өзі де есінен адасып, мықынындағы ісікті туылмаған бала деп сезінеді. Бұл есер субтұлға *...ия* тән сырқатын жоғалған нышан дегендей сезінін жүйке дертіне шалдығады.

4. Келесі бір субтұлға – адуынды әпкесінің қолында тәрбиеленген тиіннің сыңары, қияли кескіндемеші Жора Азнаурян өз дарынын австралиялық миллиардер әйелдің махаббаты мен байлығына сатады. Қиял – бұл балалық шақта ата-ана мейіріміне бөленбеген жандар психологиясынан байқалатын, еріктен тыс ақшаға құмарлық, сараңдық, тіпті ақырында «қалталыларға шабуыл» (балалық шақта көрсетілмеген сүйіспеншілік, баланы экзистенциальды үрей және өлімінен арашаламаған ананы миллиардер әйелінің бейнесімен қиюластыру дегендей, көкейкесті ойды іске асыруға шабыттану) синдромы.

Тиіннің өзі (*...ий*) – шизофрения дертіне шалдыққан «өз бетімен қалықтап жүрген» мазасыз субтұлғаның нақты айғағы, өйткені Л.Бинсваргердің айтуынша, шизофрения «қалыпты ортада алаңсыз тіршілік ету мүмкінсіздігі» (ауд. Э.Ж.) [19]. Өмірден түңілген, қиналған жан өзінің жан сарайындағы монологахында елеске айналған сүйгеніне шағымданып уақыт пен кеңістікте сергелденге түсін шарқ ұрады. Бұндай ығыстырылған жағымсыз, келеңсіз субмінезді диссоцияланған, яғни өз басында қалыптасқан жағдайды өзге біреудікіндей сезінетін кейіпкердің санасы қабылдамайды. Дегенмен, Е.А. Добролюбованың пікірінше, циклоидтық (күйзеліске шалдыққан) (кейіпкер-тиін) және шизоидтық (Миша Акутин) радикалдардың полифониялық мінезіндегі үйлесім кейіпкер бейнесіне «ертегілік» мән берін, оның таңғажайып жағдаятқа, тағдырға, сиқырға, әлем шегінен асу және жанның мәңгі-бақилығына сенуіне ықпал етеді [20].

Тиіннің психикасы тұлғаның бөлігі ретінде қабылдаған мінсіз сыңары, суретші төрт достың ішіндегі аса дарынды жас, жетім Митя Акутин романда өзін қалтықсыз (аналық махаббатпен барабар) сүйген «анасындай» ұстаз әйелмен көңіл қосады. Инцест – мәдени батыр мен отан/ананың табысуы жайлы типтік мифологиялық сюжет.

Идеаландырылған дарамінезді *...ия* секілді Митя Акутин де оның Христпен (К.Г. Юнгтің көрсетуінше, Иисус Христос – басты архетип, ұрық) барабарлығындай, ұқсас тұлғаға айналады. Ұстаз Лилиана (библиядағы нұсқасы Лилит) Христпен алғаш оның әйел құрсағының моделі – табытта ұйықтап жатқан сәтінде кездескен еді. Айуандықпен қудаланған Митя Акутин мерт болды, жерленді, алайда тірілін, шығармашылыққа, сүйікті әйеліне/анасына қайта оралды. Христиандық діни миф қудалау сандырағының түпкі мәнін ұғындыруға тырысатыны белгілі [21]. Психоаналитиктердің пікірінше, «Ананың өктемшіл жолдауына – әмбебап психотикалық қорғаушы саналатын, одан әлдеқайда өктем тұлға елес әке (Құдай-әке) жауабы» болмақ [22]. Алайда, дәл осындай психотикалық сандырақ шығармашылық уәжінің тереңнен бастау алатыны туралы ең маңызды мәліметтер береді.

Жора Азнаурянға қалауынша өктемдік көрсеткен сүйікті әйелі-қаншыр Ева да ана іспеттес бейненің бірі. Жораның бас еркіндігін шектеп отыратын армян Маро апайы да еркекшора өктем, адуынды әйелдің бірі. В. Рудневтің айтуынша, шизофрения сандрағы кезінде, көбінесе ата-ана және әкенің Есімі (Құдай-әке) қудалап жүргендей көрінеді (сиқырлы ертегідегі дұшпан аналогы).

Осының өзі, қазіргі кезеңнің зақымданған, әлем-жәлем тұлғасына мифтің қаншалықты қажет екендігін байқатса керек, өйткені ол оппозициялық жақтардың қайшыласуын тиып, тұтас бір құрылымға айналдыра отырып, постмодернистік сананы жаншыған схизис (қарама-қайшылықты) жояды.

Романда бірқатар әмбебап мифологиялық (әйел/еркек, қараңғы-түнек/жарық, оң/сол, шындық/өтірік, өмір/өлім, мәдениет/табиғат) қарама-қарсылықтар шындығында Кимнің шығармаларындағы авторлық ділдік схизиске басымдылық беретін (*жыртқыш/құрбан, қас қағым сәт/мәңгілік, адам/хайуан, әдемі/жәбірленуші* және т.б.) антидиздермен (қарама-қарсы) және («тоқтап қалған сәт, уақыт», «ойға батқан жан», «бет-әлпеті қарт адамдікіндей жаңа туған сәби», *ғашықтардың бейіт басындағы кездесуі сюжеті*, т.б.) және катахрезалармен (ауыспалы мағана) толықтырылған [23].

Елестік фантазиялық схизис әдетте елестік / қияли шындықты құрғанда жойылады: «...елеске шалдығу есеңгіреген жанның бір-біріне қарама-қайшы келетін бұйрықтарды еңсеруіне мүмкіндік береді» [24, 249]. К. Леви-Строс пен А.М.Пятигорскийдің тұжырымдамасының аспектісіне сайсақ экстрактивті сәйкестенудің (айналу) өзі елестік баяндау, ой және сөздің қарама-қайшылығын жойған жағдайда мифологиялық бейтараптануға тырысушылық. Осы субмінездердің бәрі де А.Кимнің психологиялық диссоцияланған әрі өзінің қандай күйге ұшырағанын түсінбейтін батырының радикалдары. Бір уақытта, барлық кезеңде және психологиялық проекцияларда күнелтуші әлем-жәлем жарықшақталған постмодернистік / мифологиялық бейне – *тиін* өзінен «Мен кіммін?» – деп сұрайды.

Көбінесе Лев Толстойдың идеяларын қуаттайтын, әрі Толстой секілді адамға тән сезім, құмарлық атаулыға жиренішпен қарайтын А. Кимнің бірден-бір жағымды кейіпкері – Митя Акутин. Ол тәнсіз жаратылым секілді өзінің философиялық көзқарасымен үйлесімде күнкешеді. Ол мәңгіліктің негізі – уақыт ағымының мақсаттылығына сенеді. Уақыт ағымы оның түсінігінше мағынаға толы, өйткені ол аса маңызды оқиғаға, өзінің шарықтау шегіне – апокалипсиске бағытталған.

Нәтижеде А. Кимнің неомифологизмі логикалық байланысы бүлінген, полифониялық көп дауыстылық және интертекст – бахтиндік карнавал (сауық-сайран) көрінісі, жаңғыру нышаны (Франсуа Рабле туралы еңбегінде М. Бахтин, турасын айтқанда, сауық-сайрандық антитез жағдайындағы тұлғаның жарықшақтанған радикалдарын: мылжың (депрессивті) жабысқақ, маңғаздық сандырағы) [25] жайлаған қауымдастық ағынымен жіктелуге дейінгі кезеңнің уақыт қабаттарына, ұйқының ақиқаттығы секілді уақыттан тыс елестік шынайылыққа, «санасыз тірілген тілге» оралу деуге болады.

Айналу, яғни, жаңғыру, сауығу: автор «Тек осы өмірдің қарқынды қозғалысында және оның жоғалту дегендей, өзгерістерінің алмасуында ғана жаңаны жаратуға және оны түзеуге болады», – дейді [8, 188]. А. Кимнің постмодернистік неомифологизмінің мәні міне осындай.

А.М. Пятигорскийдің айтуынша «Мифті бір оппозицияның мінез-құлқын келесі бір оппозицияның мінез-құлқы бейтараптандырғанда туындайтын түзілім деп қаратуға болады» [26].

Төрт кейіпкер-суретшінің ішіндегі мінез-құлқы зақымданған кейіпкер – тиін ақырында аңшы итіне таланып жан тапсырады. Бұл жоғары адами психикадан хайуанға тән қылық, түйсікті радикалды айыру, рух сатысымен оның құдіретті шыңына көтерілудің символы, өйткені бөлу, денені бөлшектеу, ежелгі замандағы құрбандыққа шалу-шалыну жоралғыларында маңызды орын алғаны белгілі. Архаикалық жоралғының сарқыншақтарын христиан мифіндегі Христің үстінен киімін жұлу көрінісінен байқауға болады.

Түрлі миф, мәдени мұрадан алынып, Кимнің өзіндік поэтикасымен байытылған дәйексөз, үзінді, реминисценциялар біз жоғарыда көрсеткендей, романға көрнекілік реңк беру үшін қолданылып, мифологиялық дискурстың қолданыс аясын кеңітті. Романда грек мифологиясы (Одиссей мен Пенелопа, Орфей мен Эвридик, Аида патшалығы сюжеті) христиандық мифология, шаманизм, пұтқа табынушылықтағы дуа, арбау, жалбарыну сынды жоралғылармен ұласқан [27, 33].

А. Кимнің соңғы романдарының бірінің «Радости рая» («Жұмақтың қуанышы») аталуы да кездейсоқтық емес. Жазушының «Поселок кентавров» романындағы жазық дала *сол (киелі) жағалау* арқылы бүркмелі әлемге шыққан жылқы үйірі үшін *жұмақ* деп аталған, ал *әлем бүркмесінің артында* кейіпкерлерді сырттай бақылап, күлкіге айналдырушы төрт саусақты *жазақорлар/құтқарушылар* [28, 191], «жолы болмаған» тұтас бір ежелгі халықтарды жалмаған келімсектер, масаң құлдардың жан қиналысынан ләззат алып қарқылдай күлген *көзге шалынбайтын режиссерлер* тығылған [28, 269].

Жаратушының осы эдиптік, құдаймен тайталасу жаңылысының мақамы мифология әлемінің туындыгер-жазушысы әр романында («Белка», «Онлирия», «Радости рая» және т.б.) бүкіл ғаламды Жаратушымен бәсекелесуші А. Ким поэтикасының арқауы десек орынды.

Мифологиялық дискурс (күйзеліс) схизис (келіспеушілік, қайшылық) пен антитезге (қарама-қарсылық) сүйенеді. Жұмақ бар десек, тозақ та бар, А. Кимнің «Поселок кентавров» романында кенавр ұлтының болашағы – жастар қандай-да бір белгісіз, ақылға сыймайтын ниетке құрбандыққа шалынғандай өртте – «өршеленген тозақ отында» опат болады. Кимнің туындыларында библиялық

нақыштардың басымдылығы кездейсоқтық емес: «Сол кезде ол көзге көрінбейтін құтқарушылардың жасырын әрекетінің барысын түсінді. Егер пенде өз өмірінде тіпті бір рет болса да өлім аузындағы жақыны туралы, өзі жайлы ойлағандай ойланған болса, мұндай адамды құтқарушылар байқап алып, қажет сәтте көмекке келеді» [28, 260].

Гумилевтік пассионар, А. Ким романының мәдени кейіпкері, бейнесі креске керілген Иисуске саятын кентавр Пассииге мегаломаниялық (менмендік сандырағы) мінез тән. Пассий қауым мүшелері тұрағында ағашқа таңылған (керілген). К.Г. Юнгтің көрсетуінше, тұлға тұтастығына қол жеткізудің өзі Христоске саяды, бұл «жағымды мән-мағынаның қазынасы», В. Рудневтің көрсетуінше, санасыздық – Көк Тәңірі секілді әлдене [29, 98].

А. Кимнің романындағы обсессивті (жабысқақ, ықтиярсыз ой) сюжет үнемі бұған дейінгі қателік, жаңсақ әрекетіне қайта оралатын Иованың тарихы, әлем көрінісінің аса шынайылығы және тағдырдың қайталануы: «Бәлкім, осының бәрі де, өзіңе жақын адамыңа деген қарапайым, анық, таза, құдіретті де бақытты махаббаттың ұлы сынағы болмаған да шығар, – сірә осының бәрі әлі болған жоқ. Құтқару да, сынау да, өйтпегенде неге, неге ол төзбеді? [28, 262].

А. Жақсылықовтың «Другой океан» романындағы елкезбе – баланың бейнесінен де мифологиялық библиялық кейіпкер – адасқан ұлдың архетипі байқалады. Б. Жылқыбаевтың шығармасындағы қасқыр мен төбеттің бейнесі де ежелгі кейіпкерлерден бастау алады.

Б.А. Успенский «Мифологический аспект русской экспрессивной фразеологии» мақаласында бірқатар мифологиялық жүйе үшін универсалды Көк Құдайы, Жайатқыштың (кейіннен оны хтоникалық құдай – төбетпен алмастырған) және Жер-Ананың (келесіде Жер-Ана және нақты ана) некесі дегендей, мақамдарды бөлін көрсетеді [30].

Б. Жылқыбаевтың роман желісіндегі Жайатқыштың («төбеттің») жауы қасқыр осындай антонимиялық кейіпкердің дәл өзі. «Алайда Қорқыттың даналығы сонда, ол өзінің таңдаулы ұрпақтарына Көк Бөріні қорғауды – білімді, адам өмірі мағынасының құпиясын, жердегі және көктегінің байланысының құпиясын, адамның сөзінде, ишаратында, әуен-сазда, биде, суда, отта, желде, кәдуілгі топырақта жатқан сырлы білімді аманат етті». Қорқыт атаның ұрпақтары – әулиелер өсімдік, жануарлар әлемі, құстар, балықтардың тілін білген және біледі. Мұндай білімге тек еврейдің бір данышпаны – Соломон патша қол жеткізген. Ал біздің әулиелеріміз оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізуде. Әулиелердің мақсаты алтын сарай салып бүкіл халықты бағындыру емес, мақсат – көк, ашық Аспан астындағы бүкіл адамзаттың бірін-бірі түсінуінде және қара ниеттілердің жауыздық, зорлық-зомбылық көрсетуіне, адамды алдау-арбау, қорлауына жол бермеуде» [31, 27].

Б. Жылқыбаев тыйым салынған қазақ ертегісін өз романы желісіне қоса отырып өз халқын қорғаушы ұл мен оның анасының (отан-ана) инңесті – фольклорлық сюжетін жаңғыртты.

Қорытынды. Осылай, әдеби үдеріске енгізілген ежелгі мифологиялық және фольклорлық нұсқалар шығармашылық тұрғысында қайта ой елегінен өткізіледі. Фольклорлық-мифологиялық негізбен қиюласатын антикалық және христиан мифологиясының сюжеті мен бейнелерін, көптеген ассоциация, аллюзия және парафразаны (мәтінді өз сөзімен айту) қолдану шығармалардың жанрлық құрылымының айрықшалануына ықпал етіп, қазіргі кезеңдегі оқырман талабына лайықты көп мағыналы астарлы көркем туындыларды жарыққа шығарады.

Жоғарыда талданған шығармаларда миф бірнеше құрылымдық, үлгілік, поэтикалық және философиялық қызмет атқарады. Мифологиялық немесе әдеби-мифологиялық бейнелілікке мән бере отырып, А.Алтай, А. Ким, О. Бөкеев, А. Жақсылықов, Л. Қоныс және т.б. жауабы өздерінің этикалық тұжырымдамасының ерекшеліктеріне, әлеуметтік және философиялық-өнегелік мәселесін қоюдағы өзіндік шешіміне сай келетіндей болмыстың мәңгілік мәселелеріне қалам тартады.

Мифологиялық кейіпкер моральдық шек дегенді білмейді, шиеленісті этикалық жағдайға ұшыраған қазіргі кезеңнің батыры жақсылық пен жамандықтың бірін таңдайды.

Талданған шығармалардағы негізгі шиеленіс мәдениеттің – «өркениетті» және «табиғи» дегендей, екі типінің қақтығысымен байланысты. Соңғысы фольклорлық-мифологиялық түсінікке негізделеді. Әлеуметтік және тұлғалық өзін-өзі тану мәселесіне адамның ішкі мәні неде деген сұрақ қабаттасады. Фольклорлық-мифологиялық элементтерге көңіл бөлу бүгінгі күн жазушыларының түсіндіруінше қазіргі тұлғаның болмысындағы иррационалдық, түйсіктік бастауларды ашып көрсетудегі маңызды шындық.

Э.Т. Жанысбекова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан,

**АНТИЧНЫЕ И БИБЛЕЙСКИЕ МОТИВЫ И ОБРАЗЫ
В СОВРЕМЕННОЙ ПРОЗЕ КАЗАХСТАНА**

Аннотация. Статья посвящена анализу античных и библейских образов и мотивов в современной казахстанской прозе. В работе на основе сопоставительного анализа произведений казахстанских авторов, пишущих как на русском, так и на казахском языке, наглядно показаны мифологические образы и мотивы. В их произведениях представлены наряду с суфийскими, тюркскими, античные и библейские образы и мотивы.

Актуальность изучения проблемы входит в междисциплинарное проблемное поле современного мирового литературоведения как нового способа мышления, сущность которого коренится в том, что он способствует воссозданию магистральной линии бытия культуры. Автор, говоря о том, что в XX веке во всем мире произошло оживление мифологических пластов человеческого сознания, считает, что суть современного неомифологического сознания, прежде всего, заключается в том, что мифологичность как один из элементов массового сознания может быть обнаружена в любом обществе и на разных уровнях общественного развития и дает обобщенную характеристику «неомифа» (современный миф) в искусстве и литературе.

С приобретением независимости нашей страны (1990-е - 2018 гг.) актуализировалось обращение в литературе и культуре к национальным корням, мифологии и фольклору как истокам и образцам национальной идентичности. Мифологический генетизм (тотемное сознание, зооморфная и хтоническая мифология, мышление архетипами и ритуальное мышление) оказались в фокусе казахстанского литературного неомифологизма, так как в периоды глобальных политических и идеологических трансформаций, как правило, становятся востребованными наиболее архаические формы культурогенеза.

Типичный возврат к архаическому синдрому (комплексу архаических представлений, культурных и этно-стереотипов) можно наблюдать в современном казахстанском литературном процессе. С момента распада СССР в казахстанской культуре и литературе идет активный процесс самоидентификации, актуализирующий миф первотворения, сюжет новой инициации этноса, и, как следствие, порождающий важные для этноса архетипические и тотемные персонажи и целый ряд первообразов и мотивов, восходящих к мифологической интерпретации происхождения казахстанского народа.

В XXI веке неомифологическое сознание охватывает все стороны жизни как художественную, так и социальную действенность творческого преобразования жизни. В неомифологических произведениях автор посредством одной части мифа или нескольких архетипических образов интерпретирует свою авторскую идею, чему свидетельством являются произведения казахстанских авторов новой волны. В их произведениях представлены наряду с суфийскими, тюркскими, также античные и библейские образы и мотивы. Примером тому могут служить рассказы казахстанских прозаиков А. Алтая, Л. Коныс, А. Кима, Б. Джилькибаева, восходящие к античным образам кентавров и других мифологических образов, вкрапленных в современные реалии жизни. Произведения построены на литературном, по-новому интерпретированном мифе, они глубоко психологичны.

Был использован метод сравнительно-сопоставительного анализа, выявляющий общие и специфические черты воспроизведения мифологических элементов. Посредством историко-типологического метода исследованы закономерности трансформации мифа в изучаемых современных текстах. Для обобщающего анализа архетипов, мифологем, мифем и мифологических мотивов и их сведения в единую систему представлений казахстанских авторов использовалась мозаичная методология классификации мифологизма, включающая, наряду с генетическим, образноассоциативный, структурный методы, а также метод психоаналитического литературоведения.

Ключевые слова: миф, архетип, образ, неомиф, мифологический дискурс, инициация, символ.

E. T. Zhanyzbekova

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

ANTIQUÉ AND BIBLICAL MOTIFS AND IMAGES IN MODERN KAZAKHSTANI PROSE

Abstract. The article is devoted to the analysis of ancient and biblical images and motifs in modern Kazakhstani prose. In the work, based on a comparative analysis of the works of Kazakh authors writing both in Russian and in Kazakh, mythological images and motifs are clearly shown. In their works, along with Sufi, Turkic, antique and biblical images and motifs are presented.

The relevance of studying the problem is included in the interdisciplinary problem field of modern world literature as a new way of thinking, the essence of which is rooted in the fact that it helps to recreate the main line of cultural life.

The author, saying that in the XX century the world revived the mythological strata of human consciousness, believes that the essence of modern neo-mythological consciousness, first of all, is that mythology as one of the elements of mass consciousness can be found in any society and at different levels of social development and gives a generalized description of the "neomyth" (modern myth) in art and literature.

With the acquisition of independence of our country (1990s - 2018), the appeal in literature and culture to national roots, mythology and folklore as the sources and patterns of national identity was updated. Mythological genetism (totemic consciousness, zoomorphic and chthonic mythology, archetype thinking and ritual thinking) turned out to be in the focus of Kazakhstani literary neomythologism, since during the periods of global political and ideological transformations, as a rule, the most archaic forms of cultural genesis become popular.

A typical return to the archaic syndrome (a complex of archaic representations, cultural and ethno-stereotypes) can be observed in the modern Kazakhstani literary process. Since the collapse of the USSR, an active process of self-identification has been going on in Kazakh culture and literature, actualizing the myth of creation, the plot of a new initiation of an ethnos, and, as a result, generating archetypal and totem characters that are important for an ethnos and a number of primitives and motifs that go back to the mythological interpretation of the origin of the Kazakh people.

In the 21st century new mythological consciousness encompasses all aspects of life, both artistic and social the creative transformation of life. Authors in new mythological works through fragment of a myth or several archetypal images, interpret own ideas, as evidenced by the works of Kazakhstani authors of the new wave. In their works, along with Sufi, Turkic, ancient and biblical images and motifs are presented. An example of this is the stories of Kazakhstani prose writers A. Altai, L. Konys, A. Kim, B. Dzhihkibaev apply to the ancient images of centaurs and other mythological images interspersed with modern realities of life. The works are built on a literary, newly interpreted myth, they are deeply psychological.

The method of comparative analysis was used, revealing the general and specific features of the reproduction of mythological elements. Using the historical-typological method, the patterns of myth transformation in the studied modern texts are investigated. For a generalized analysis of archetypes, mythologies, myths and mythological motives and their information into a single system of representations of Kazakhstani authors, a mosaic mythology classification methodology was used, including, along with genetic, image-associative, structural methods, as well as a method of psychoanalytic literary criticism.

Key words: myth, archetype, image, new myth, mythological discourse, initiations, symbol.

Information about authors:

Zhanysbekova Elmira, PhD, Senior teacher. Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

REFERENCES

- [1] Meletinsky E.M. The poetics of myth. M.: Academic project; World, 2012. 331 p. (In Russ.).
- [2] Jung K.G. Archetype and symbol /Transl. from German. M.: Publishing House "Renaissance", 1991. 299 p. (In Russ.).
- [3] Mythological dictionary. L.: Education, 1961. 292 p. (In Russ.).
- [4] Konys L. Shaharbanıdyń syńsıy: Prose. Almaty: "Jalyn baspasy" JCS, 2013. 192 p. (In Kaz.).
- [5] Encyclopedic reference. Mythology. M., 2002. 352 p. (In Russ.).
- [6] Propp V.Ya. Russian agrarian holidays: (Experience of historical and ethnographic research). - St. Petersburg: Terra - ABC, 1995. -- 176 p. (In Russ.).
- [7] Rank O. Myth about the birth of a hero. M: "Refl book", K.: "Wakler", 1997. 252 p. (In Russ.).
- [8] Kim A.A. Squirrel. Novel-fairy tale. M.: Soviet writer, 1984. 272 p. (In Russ.).
- [9] Kristeva Yu. Horror Forces: an essay on disgust. - St. Petersburg: Aletheia, 2013. 248 p. (In Russ.).
- [10] Rudnev V.P. Mystery of pockmarked hen: Madness and success in culture. M.: Independent firm "Class", 2004. 304 p. (In Russ.).
- [11] Semenova S. Overcoming the tragedy: "Eternal questions" in the literature. M.: Soviet writer, 1989. 440 p. (In Russ.).
- [12] Grushevskaya V.V. "... to write your soul in words" (polyphony in A. Kim's novel "Squirrel") // Philological class 16. M., 2006. P. 60-63. (In Russ.).
- [13] Rudnev V.P. Reality is like a mistake. M.: Gnosis, 2011. 320 p. (In Russ.).
- [14] Rudnev V. Philosophy of language and semiotics of madness: Selected works. M.: Publishing House "Territory of the Future", 2007. 528 p. (In Russ.).
- [15] Losev A.F. Dialectics of myth / comp., ed. by A.A. Takho-Godi, V.P. Troitsky. M.: Thought, 2001. 558 p. (In Russ.).

- [16] Rudnev V.P. Model of new time. M.: Gnosis, 2015. 228 p. (In Russ.).
- [17] Ivanov V.V., Toporov V.N. Twin myth // Myths of the peoples of the world. M.: Soviet encyclopedia, 1988. V. 1. P. 174-176. (In Russ.).
- [18] Freud Z. Totem and taboo. Psychology of primitive culture and religion. SPb., 2000. 223 p. (In Russ.).
- [19] Binswanger L. Genesis-in-the world: Selected articles. M.: KSP, St. Petersburg: Juventa, 1999. 300 p. (In Russ.).
- [20] Dobrolyubova EA Character and therapy with creative expression // I Konstorum readings. M.: IPA, 1996. P. 23-45. (In Russ.).
- [21] Rudnev V.P. Jesus Christ and the philosophy of everyday language. M.: Agraf, 2013. 240 p. (In Russ.).
- [22] Kadyrov I.M., Topilina I.A. "Someone in My Head" // Moscow Psychotherapeutic Journal. M., 2008. No. 2. P.15-34. (In Russ.).
- [23] Safronova L.V., Zhanyzbekova E.T. Chronotope functions in A. Kim's novel "Squirrel" // Materials of the joint international scientific conference of KazNU named after Al-Farabi and Hanguk University of Foreign Languages "Korean Studies in Central Asia and Digital Humanitarian Studies in Korea". Seoul, 2016. P. 83-91. (In Russ.).
- [24] Batson G. Ecology of the Mind: Selected Articles on Anthropology. M.: Sense, 2000. 480 p. (In Russ.).
- [25] Bakhtin M.M. The work of Francois Rabelais and the folk culture of the Middle Ages and the Renaissance. 2nd ed. M.: Literature, 1990. 543 p. (In Russ.).
- [26] Pyatigorski A.M. Some general observations on mythology from the point of view of a psychologist. Scientists notes. M., 1965. No. 181. P. 38-48. (In Russ.).
- [27] Safronova L.V., Zhanyzbekova E.T. Protopoetics of A. Kim's post-modern novel "Squirrel" // Gumanistica 21, Świecie: Wydawnictwo Uczelni Lingwistyczno-Technicznej. Pshasnysh, 2018. V. 2. P. 332-354. (In Russ.).
- [28] Kim A.A. Collected works. The joys of paradise. Vladivostok: Valentine, 2013. V. 2, issue 4. 732 p. (In Russ.)
- [29] Rudnev V. Strange objects: Phenomenology of psychotic thinking. M.: Academic project, 2014. 159 p. (In Russ.)
- [30] Uspenski B. Mythological aspect of Russian expressive phraseology // Antimir of Russian culture. Language. Folklore. Literature. / comp. by N. Bogomolov. M.: Ladimir, 1996. P. 9-107. (In Russ.).
- [31] Dzhillkibaev B.M. Kazakh erotic romance. Almaty, Iskander, 2009. 440 p. (In Russ.)